



**kazinform**  
Халықаралық ақпарат агенттігі

қолданушы баптаулары  
қаз qaz рус eng قازاقشا 中文

+7 (701) 759 90 19

Білік Mембағдарлама

REACT

SPORTINFORM

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ  
ЖЕТІ ҚЫРЫ

# Мәскеу мұрағатынан табылған Шәкәрім қажы суретінің түпнұсқасы елімізге жеткізілді

2014 жылғы 18 қыркүйек 06:04 42

Бөлісіңіз:

ONLAIN QYZMETKERLER



АСТАНА. ҚазАқпарат - «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы» ММ-нің басшылығы Мәскеу мұрағатынан Шәкәрімнің қолына бүркіт ұстап түскен суретінің түпнұсқасын тапқан.

Шәкәрімнің бүгінгі таңға дейін табылған үш суреті бар. Оның бірі - ақынның бүркіт ұстап түскен суреті. Бұл сурет туралы «Шәкәрім қажы деп отырмыз», «Шәкәрімнің дәл өзі», «Шәкәрімнің ел

## JANALYQTAR

20:31 0  
**ҚР Президенті өңір әкімдерімен кеңес өткізді**  
Білік > Елбасы

20:17 21  
**Атырау мен Маңғыстауда полиция қамқорлық еткен қылмыстық топтар анықталды**  
Қоғам > Заң және құқық

20:08 45  
**Музыкант дәрігерлер миына ота жасап жатқанда гитарада ойнады**  
Әлем > Әлем жаңалықтары

19:46 43  
**Алматыда ауа райына байланысты ескерту жарияланды**  
Аймақ > Алматы

19:30 36  
**31 қаңтар күні Қазақстанда өтетін маңызды шараларға шолу**  
Қоғам > Қоғам

күмәнданған суреті туралы» деген мақалалар жарық көрген болатын, деп жазады «Ана тілі» газетінде «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.Әубәкір.

Ғалымның жазуынша, елдің күмәндануының басты себебі - сурет жарық көрген кітапта «Охотник с беркутом. Казахи. Семипалатинский у. 1927 г» деген ғана жазба болатын. Яғни, Шәкәрім ақын деп жазылмаған. Сол себептен Абай мұражайы суреттің түпнұсқасын іздестіру жұмыстарын жүргізіп келген.

«Ең алдымен қолымызға Федор Артурович Фиельструптiң «Из обрядовой жизни киргизов начала XX века» деген Мәскеуде «Наука» баспасында 2002 жылы жарық көрген кітабын алдық. Бұл кітапта қазақ халқы туралы құнды деректер болғанымен, одан Шәкәрім суретін кездестіре алмадық. Фиельструп туралы Кармышеваның мақалаларын тауып, этнограф ізденуші туралы мәліметтер жинастырдық. Осы бағытта Татарстан Республикасы Қазан қаласына ғылыми іссапармен барып, архивтер мен кітапханалардың қорында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Татарстан Республикасының Ұлттық архивінде, Татарстан Республикасының Ұлттық кітапханасында, Қазан мемлекеттік университетінің Н.И.Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасында жұмыс жасау барысында ғылыми кітапхананың сирек қолжазбалар мен кітаптар бөлімінен Шәкәрім суреті басылған кітапты «Очерки истории этнографии, фольклористики и антропологии. Выпуск X. Труды института этнографии им. Н.Н.Миклухо-Маклая. Том 114. Москва, 1988 г.» кездестірдік. Бұл кітапта суреттің Шәкәрімдікі екендігі жазылмаған. Жоғарыда айтқанымдай, «Охотник с беркутом. Казахи.

ONLAIN QYZMETKERLER



19:09 84

**94 қоянды заңсыз атқан қызылордалық ұсталды**

Аймақ > Қызылорда облысы

18:57 61

**«Grand Slam» турниріне қатысатын қазақстандық дзюдошылар белгілі болды**

Спорт > Спорт

18:56 65

**Көкшетаулық команда Қазақстан кубогының екінші кезеңінде жеңіске жетті**

Спорт > Спорт

18:26 95

**Ең төменгі жұмыссыздық деңгейі Астанада тіркелген**

Аймақ > Астана

18:23 77

**Жұмыс мәдениетін өзгертуіміз керек пе?**

Әлем > Әлем жаңалықтары

18:16 123

**Астананы газдандыру қаланың шеткі аудандарынан басталады**

Аймақ > Астана

18:14 117

**АҚШ-та 53 градус аяз болуы мүмкін**

Әлем > Әлем жаңалықтары

18:08 94

**Талдықорғанда жастардың өз студенттік қалашығы болады**

Аймақ > Алматы облысы



18:01 123

**Алматыда «Руханият» жастар әдеби клубының тұсаукесері өтті**

Семипалатинский у. 1927 г.» деген ғана жазба бар», - дейді Ж.Әубәкір.

Ғалым бұдан соң көп еңбектерде Фиельструптің жеке архиві Санкт-Петербургта музейлердегі этнографиялық бөлімдерде сақталған жазылғанын, дегенмен де оның Мәскеуде екендігіне көз жеткізген соң, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін Ресей астанасына барғанын айтады. Онда Мәскеудегі Ресей Ғылым академиясының Н.Н.Миклухо-Маклай атындағы этнология және антропология институтының архивінде бір апта жұмыс жасап, этнографтың 10 папка жеке архивімен, түсірген суреттерімен, жазбаларымен танысқан. 54-ші қорда сақталған Шәкәрім суретінің артында «Казахи. Семипалатинский губ., семипалат у., уроч Кенбулак, Шакпактас. Шакарим кажи со своим беркутом. Фиельструп. 1927 г.» деп жазылған. Сонымен қатар Шәкәрім қажы аулының көріністері, қазақтың тұрмыс-салты мен ерекшеліктерін көрсететін өзге де көптеген суреттер табылды.

«Бұл суреттің басты жаңалығы, біріншіден, түпнұсқа болғандығы, екіншіден, фотоның анық Шәкәрімдікі екендігі туралы жазбаның болғандығында. Бұрын қолданыста жүрген Шәкәрімнің бүркіт ұстап түскен осы суреті газет пен кітаптардан көшірме жасалғандықтан, анық емес болатын. Сонымен қатар Шәкәрімнің бүркітінің жеке суреті де елімізге алғаш жеткізіліп отыр. Үшіншіден, Фиельструп архивінен өзге де Шәкәрім ауылында түсірген құнды фотолар алып келіп отырмыз. Олар - Шәкәрім ауылының сырт келбеті, тұрмысқа қатысты көптеген адамдардың суреттері», - деп жазады ғалым.

Ахат Шәкәрімұлы: «1925 жылдың мөлшерінде, Ленинградтың жоғарғы мектебінің филология бөлімін бітірген Филюстров деген орыс азаматы, қасында жоғарғы мектептің оқушысы, жас қазақ жігіті бар, екеуі жайлауда «Қарабұлақ» деген

Аймақ > Алматы

17:42 95

**Полиция Алматы тұрғынының ұрланған көлігін тез арада тауып берді**

Аймақ > Алматы

17:38 171

**Қазақстанға Халықаралық паралимпиада комитетінің президенті келді**

Спорт > Спорт

17:29 137

**Қазақстанда Rolls-Royce, Ferrari, Bentley секілді қымбат көліктер саны екі есеге көбейген**

Қоғам > Қоғам



17:24 111

**Сарыағашта қуаты 20 МВт болатын күн электр стансасы іске қосылады**

Аймақ > Түркістан облысы

17:13 138

**Қазақстаннан Жапонияға қатынайтын ұшақтар қай қалаларға апараты**

Қоғам > Қоғам

17:07 128

**ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары қызметіне Алексей Калайчиди тағайындалды**

[Бүкіл таспа >>>](#)

қоныста, біздің ауылға келді. Бұл Филюстров қазақтың әдет-ғұрыптарын зерттеуге шыққан. Бұлар бір жұмадай жатып, әкейден қазақтың түрлі ғұрыптарын - қыз ұзату, құдалық, жайлы, ырым-жораларын, әр түрлі ыдыс, ер-тоқым, үй мүлкінің бөлшектерінің аттарын, түрлі ырымдардың қалай аталатынын, олардың неге, қандай ғұрыпқа байланысты екенін және басқа да қазақтың ескі тарихи әдебиеттерін сұрап, көп әңгімелесті. Әкейдің құсын ұстап, және өзін жекелей суретке түсірді. Сол Филюстров қайтып барған соң, қазақтың этнографиясы жайынан кітап жазып бастырып, бір кітабын әкейге жіберді» дейді әкесі жайлы өз естелігінде.

«Ахат Шәкәрімұлы айтқандай, Филюструп 1925 жылы емес, 1927 жылы Шәкәріммен жолыққан. Сурет осы жылы түсірілген. Филюструп 1926 жылы Ақтөбе облысының батысында, 1927 жылы Қазақстанның шығысында экспедицияда болған. 1927 жылдың 22 маусымында Павлодар, Баянауыл жақтан бастап, 10 қыркүйекте Алматыда аяқтаған. 26 шілде мен 31 шілде аралығында Шыңғыстауда болады. Филюstrupтің жеке архивінен оның жазбаларын, күнделіктерін, 150-дей түсірген суреттерін көрдік. Күнделігінде Шәкәрім ауылында болған сәттері толық жазылған. Жазбаларында да Шәкәрімнен көп мағлұмат алынғандығы туралы деректерді кездестіре аламыз», деп түйіндейді Ж.Әубәкір.



Біздің каналымызға жазылыңыз:

Басты сөздер: [Қазақстан тарихы](#), [Әдебиет](#),

Бөлісіңіз:

---

ONLAIN QYZMETKERLER



Димаш Кудайберген  
даст сольный концерт в  
Астане



Актриса киноға "төсек" арқылы келетін қыздар туралы жайып салды

Туған жылыңыз бойынша 2019 жылдың жұлдыз жорамалы

Танымал қазақстандық актриса үшінші күйеуімен ажырасты

## MURAĠAT

2009 2010 2011 2012 2013 2014 2015 2016 2017 2018 **2019**

**қаңтар** ақпан наурыз сәуір мамыр маусым шілде тамыз қыркүйек қазан қараша желтоқсан

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 11 12 13 14 15 16 17 18 19 20  
21 22 23 24 25 26 27 28 29 **30** 31

ONLAIN QYZMETKERLER

- Пайдаланушылық келісімі
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар
- Бос орындар
- Агенттік туралы
- Біздің әріптестер
- Байланыс
- Мемлекеттік рәміздер
- Жарнама
- Теги

© 2018 «ҚазАқпарат» ХАА

«ҚазАқпарат» қосымшалары:  

 188 225 79 073 68 647	 149K 278394343 36090	 151.947 58.483 48.163	
---	---	---	---